

**БҰЙРЫҚ-ПРИКАЗ № \_\_\_\_\_**

Астана қ.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г.

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 20 тамыздағы шешімімен бекітілген «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес (№7 хаттама), **БҰЙЫРАМЫН:**







1. Қоса беріліп отырған «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Стандарт) жаңа редакцияда бекітілсін.
2. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары бағынысты қызметкерлерді осы бұйрықпен, оны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде таныстырсын.
3. Баспасөз қызметі Стандартты «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның интернет-ресурсында жарияласын.
4. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «QazaqGaz» ҰК» АҚ Комплаенс қызметіне және Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне жүктелсін.


**Басқарма Төрағасы**

**С. Жаркешов**

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы «\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 жылғы № \_\_\_\_\_ Бұйрығына

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ


№	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы (визасы)
1.	Қауіпсіздік, тәуекел және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор	Каспаков М.К.	
2.	Корпоративтік қауіпсіздік департаментінің директоры	Калилуллов А.К.	
3.	Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Досов К.Б.	
4.	Заң департаментінің директоры	Нұрланұлы А.	
5.	Бизнес-процестерді басқару департаментінің бас менеджері	Бисакаев Б.А.	
6.	Комплаенс қызметінің басшысы	Молдағалиева Г.Ж.	

 <b>QAZAQGAZ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	<p align="center">«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК  ҚОҒАМЫ</p> <p align="center">Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 2  Ид. код: СТ-03-2023</p>	<p><b>«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты</b></p>	<p align="center">9-дан 1</p>

«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Басқарма Төрағасының  
2023 жылғы «\_\_» маусымдағы  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілді


**«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

**Астана 2023**

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	9-дан 2

«ҚазТрансГаз» АҚ Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 31 қазандағы №654 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансГаз» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» құжатының орнына енгізілді.

**Қайта қарау күні: 2026 ж.**

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	9-дан 3

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (бұдан әрі – Стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес әзірленді және «QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты ең қауіпті салаларда тыйым салулар, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін білдіреді.

1.2. Стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыру болып табылады.

1.3. Стандарттың міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру және Қоғам қызметкерлерінің еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезінде жауапкершілігін арттыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу;

3) Қоғам қызметінің, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты ең қауіпті салаларда тиімділігі мен айқындылығын арттыру болып табылады.

1.4. Стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;


5) мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

1.5. Стандарт Қоғам жұмыскерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

1.6. Стандарт Қоғамның барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті.

1.7. Қоғамның әрбір жұмыскері Стандарт талаптарын орындамағаны, не тиісті түрде орындамағаны үшін дербес жауапты болады.

**2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде Қоғам жұмыскері:**

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	9-дан 4

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңнамада және ішкі актілерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

3) өтініштерді қарау кезінде әуре-сарсаң фактілеріне жол бермеуге, белгіленген мерзімдерді қатаң сақтауға;

4) сыбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері туралы, оның ішінде материалдарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу не әуре-сарсаң фактілері туралы басшылыққа дереу баяндауға;

5) саяси партиялардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметінен бейтарап және тәуелсіз болуға;

6) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде алынатын құпия мәліметтерді жария етпеуге, коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз етуге және осы ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбауға;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болуға;

8) жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің сақталуын қолдауға және әріптестерінен талап етуге;


9) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеуге;

10) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге;

11) заңды және жеке тұлғалардан өзінің лауазымдық еңбек міндеттерін атқарғаны үшін ақшалай қаражатты, қызмет көрсетуді, сыйлықтарды, тауарларды қоса алғанда, сыйақы қабылдауға міндетті.

### **3. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде барлық деңгейдегі басшыларға:**

1) лауазымға тағайындау үшін кандидаттарды іріктеу кезінде меритократия қағидатын (басшылық лауазымдарды олардың әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық байлығына қарамастан, неғұрлым қабілетті адамдар атқаруы тиіс басқару қағидатын) басшылыққа алуға, кадрларды тек жерлестік

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	9-дан 5

және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, кадрларды тек ерлі-зайыптылық, жақын туыстық, туыстық белгілері (үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық қатынастағы адамдар) мен қасиеттері (жұбайының жақын туыстары) бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

2) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға;

3) бағыныстағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

4) бағынысты қызметкерлер қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

5) бағынысты қызметкерлерге анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен асатын өкімдерді, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдерді бермеуге;

6) бағыныстылар қызметіне қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу, жеке тапсырмаларды орындау кезінде ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбауға;

7) бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрlemeуге;

8) бағынысты қызметкерлер мен басқа да қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге;

9) бағынысты қызметкердің өз қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы түбегейлі шаралар қабылдауға;


10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жан-жақты шаралар қабылдауға;

11) бағынысты қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;

12) бағынысты қызметкерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге;

13) өзінің мінсіз мінез-құлқымен бағынысты қызметкерлерге үлгі көрсетуге. Өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында лауазымдық міндеттерді жүзеге асыру кезінде қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

14) жоғары тұрған, төмен тұрған не онымен қызметі немесе жұмысы

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	9-дан 6

бойынша өзге де тәуелді тұлғалармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға міндетті.

#### **4. Қоғам қызметкері ішкі актілердің жобаларын дайындау кезінде:**

1) бұрын қабылданған ішкі актілер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге міндетті. Оларда сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жағдайда, оларды жою шараларын қабылдауға;

2) өзіне және үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында, Қоғамның нормативтік құқықтық актілерін, жергілікті актілерін әзірлеуге жол бермеуге;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды болдырмауға, Қоғамның ішкі актілерінің жобаларында жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қайшы сипаттағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауы үшін алғышарттар жасайтын сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау және оларда тиісті алдын алу шараларын көрсету тұрғысынан, сараптама жүргізу бойынша шаралар қабылдауға;

4) қабылданған ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қайшы сипаттағы құқыққа қарсы іс-қимылдар жасау үшін алғышарттар жасайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды анықтау және жобаларда тиісті алдын алу шараларын көрсету тұрғысынан талдау жүргізуге міндетті.

#### **5. Өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде Қоғам жұмыскері:**

1) Қоғамның беделін түсіре алатын іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;


2) лауазымдық және еңбек міндеттерін орындау кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмауға;

3) әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тартуға;

4) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдауға;

5) Комплаенс қызметі мен Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне егер лауазымды тұлғаларға қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада өзгеше белгіленбесе, қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдау үшін Қоғамның басқа да қызметкерлерімен жақын туыстыққа, жекжаттыққа,



 <b>QAZAQGAZ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	<p align="center">«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p> <p align="center">Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 2</p> <p>Ид. код: СТ-03-2023</p>	<p align="center"><b>«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты</b></p>	<p align="center">9-дан 7</p>

туыстық қатынастарға негізделген (ата-әжелері мен әжелеріне дейін ортақ ата-бабалары бар, туыстық байланыстағы адамдар) байланыстардың болуы/туындауы туралы, қызметкерге белгілі болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай байланыс туралы хабарлауға;

6) еңбек міндеттерін орындау шеңберінде белгілі болған материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ Қоғамның өзге де мүлкін және Қоғамның ақпаратын қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбауға;

7) әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

8) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен Қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін конструктивті сынды пайдалануға;

9) мүдделер қақтығысы жағдайы пайда болған кезде, оларды Қоғамның заңнамасына және ішкі құжаттарына сәйкес жою бойынша шаралар қолдануға;

10) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуге;

11) өзінің лауазымдық/еңбек міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикетті және ресми мінез-құлықтың белгіленген қағидаларын сақтауға міндетті.

## **6. Сатып алу, коммерция салаларында еңбек функцияларын жүзеге асыру кезінде жұмыскер:**


1) кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жеке табыс алумен байланысты жәрдем көрсетуден бас тартуға;

2) тендерлік/сараптамалық комиссияның қызметіне және тендерлік/сараптамалық комиссияның шешімдер қабылдауына қандай да бір қысым көрсетпеуге;

3) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жергілікті актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсімдеріне қатысу кезінде адал бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін тең мүмкіндіктер беруге;


4) сатып алу процестерінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етуге;

5) сатып алуды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне






 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	9-дан 8

жол бермеуге;

б) басшылыққа сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу не әуре-сарсандылық туралы дереу баяндауға міндетті.

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
	Редакция: № 2 Ид. код: СТ-03-2023	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы (визасы)
1.	Қауіпсіздік, тәуекел және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор	Каспаков М.К.	
2.	Корпоративтік қауіпсіздік департаментінің директоры	Калилуллов А.К.	
3.	Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Досов К.Б.	
4.	Заң департаментінің директоры	Нұрланұлы А.	
5.	Бизнес-процестерді басқару департаментінің бас менеджері	Бисакаев Б.А.	
6.	Комплаенс қызметінің басшысы	Молдағалиева Г.Ж.	